

Облыс әкімі С.Шәпкеновтің
Облыстық Қоғамдық кеңес мүшелерімен кездесуі барысындағы
тапсырмалар
хаттамасы

№ 06-01-01-013/18

2022 жылғы 13 маусым

7-қабат, кіші зал

Төрағалық еткен: облыс әкімі С.Ж.Шәпкенов
Қатысқандар: тізім бойынша.

1. Облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Айдарбеков, Атырау қаласының әкімі (*жиын*), Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы басқармалары:

- Қаладағы демалыс орындарын жақсарту және демалыс аумағын кеңейту мақсатында саябақтар мен демалыс аландарының жағдайын ерекше бақылауға алсын, оларды жүйелі дамытудың арнайы концепциясын қабылдап, әрбір демалыс орнының күтіп ұсталуына жауаптыларды нақтылап, бекітсін, жағалаудың, қаланың басқа да көрікті жерлерінің күнделікті күтімде ұсталуына, сондай-ақ, қаланы көгалдандыру мәселесіне баса назар аударылсын.

Мерзімі: үнемі, 2022 жылғы 20 шілдеге ақпарат

2. Облыс әкімінің орынбасары Қ.Бекенов, Құрылыс, Қаржы, Жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары (*жиын*) басқармалары, «Атырау» әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясы» Акционерлік қоғамы (*келісім бойынша*):

- Атырау халықаралық әуежайының әлеуетін жоғарылату мақсатында жаңа терминал салу мәселесіне қатысты тапсырманың жүзеге асырылуын пысықтап, баяндасын.

Мерзімі: 2022 жылғы 20 шілдеге дейін ұсыныс

3. Облыс әкімінің орынбасары Қ.Бекенов, Құрылыс, Энергетика және тұрғын үй коммуналдық шаруашылығы (*жиын*), Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу, Қаржы басқармалары:

- Өңірде су тапшылығын болдырмау, проблеманың алдын алу мақсатында облысқа су жеткізетін желілердің қуаттылығын зерделеп қарастыру жолымен «Көкжиде» су қоймасы арқылы су жеткізу мәселесі бойынша салалық ақпарат ұсынсын.

Мерзімі: 2022 жылғы 20 шілдеге дейін ұсыныс

4. Облыстық Қоғамдық кеңес төрағасы, облыстық Қоғамдық кеңестің Әлеуметтік және мәдени даму мәселелері жөніндегі комиссиясы, Білім беру, Денсаулық сақтау басқармаларымен бірлесіп:

- Азаматтарды толғандырған білім беру, медициналық қызмет көрсету сапасын жақсарту мәселелері бойынша комиссия ұйғарымдарын, қорытынды, талдауларын қалыптастыру жолымен, қоғамдық бақылау, тыңдау, кеңестер жүргізу жөніндегі топтар, іс-шараларды ұйымдастырып, өңірдегі салалық мәселелердің реттеліп, жолға қойылуына ықпалдастық көрсетсін.

Мерзімі: үнемі, 2022 жылғы 1 тамызға ақпарат

5. Облыс әкімінің орынбасары Қ.Нұрлыбаев, Ауыл шаруашылығы (жиын), Балық шаруашылығы басқармалары, Атырау қаласы және аудандар әкімдерімен бірге:

- Жылыжайлар шаруашылығын дамыту, тоған мәселелерін ретке келтіру арқылы облыста балық шаруашылығы, ауыл шаруашылығы мәселелерін жетілдіру нәтижесін әкелетін, азық-түлік қорын көбейтуге мүмкіндік беретін жобаларды жүзеге асыру іс-шараларын қарастырып, ұсыныс енгізсін, арнайы баяндасын.

Мерзімі: үнемі, 2022 жылғы 1 тамызға ұсыныс

6. Облыс әкімінің бірінші орынбасары С.Айдарбеков, Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар (жиын), Денсаулық сақтау басқармалары, мүдделі органдармен, тұлғалармен бірлесіп:

6.1. Облыстық Қоғамдық кеңес мүшесі С.Рахимованың экологиялық медициналық орталық жұмысын ұйымдастыру жөніндегі ұсынысын басшылыққа алып, мәселелерді арнайы талқылап, шешілу жолдарын қарастыру арқылы мүмкіндігі шектеулі азаматтар мен балаларға қолайлы жағдайлар қалыптастырып, оларды сауықтыру, мұқтаждық мәселелеріне қолдаулар көрсету бағыты және мүгедектікті тағайындау сатысындағы азаматтарға қиындық туғызатын процестерді жеңілдету, жетілдіру бойынша министрлікке берілетін ұсыныс жобасын енгізсін;

Мерзімі: 2022 жылғы 20 шілдеге дейін ұсыныс

6.2. Қамқорлыққа зәру, көмекке мұқтаж азаматтарды электрондық базаға енгізу жолымен қайырымдылық, демеушілік көрсетулер бойынша бірыңғай ортақ қор жұмысын ұйымдастыруды жүйелеп, жолға қою бойынша нақты ұсыныс енгізсін.

Мерзімі: 2022 жылғы 20 шілдеге дейін ұсыныс

Осы хаттаманың орындалуын бақылау облыс әкімі аппаратының басшысы Б.Исаковқа жүктелсін.

Облыс әкімі



С.Шәпкенов